

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қазандағы № 459 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қазанда № 4349 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "АБК-Автодор НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жамбыл облысы Шу ауданының босалқы жерлерінен Республикалық маңызы бар "Мерке-Бурылбайтал" автомобиль жолының Шу қаласын айналып өту, күрделі жөндеу объектісінде айналма жол мен трасса бойындағы белдеуге қызмет көрсету үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай қосымшаға сәйкес 8,6015 гектар жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығына 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "АБК-Автодор НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер пайдаланушыларына қауымдық сервитут белгілеуден келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және жер қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізісін.

3. "Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтүзбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;
  - 3) осы қаулының Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 4) осы қаулының туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Балқыбеков Әлихан Әбіләшұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтүзбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Айтаков

Шу ауданы әкімдігінің  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2019 жылғы  
қаулысына қосымша

**Жамбыл облысы Шу ауданы аумағынан "АБК-Автодор НС" ЖШС-не " Меркі-Бурылбайтал" көлік жолын қайта жаңғырту жұмыстары аясында жол құрылысына қызмет көрсететін нысандарға қызмет көрсету үшін шектеулі нысаналы пайдалану (сервитут) құқығын беретін жерлердің экспликациясы**

№	Участок нөмірі	Ж е р учаскесінің орналасқан жері	Жалпы көлемі ( гектар )	Оның ішінде						
				Егістік		К ө п жылдық екпелер (гектар)	Жайылым (гектар)	Шабындық (гектар)	Ауылшаруашылық алқаптары (гектар)	Бөгде жерлер (гектар)
				Суармалы (гектар)	Тәлімді (гектар)					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
<b>I</b> Айналма жолдарды орналастырып, қызмет көрсету үшін										
1	№2.12	" Амангелды " жер қоры	2,1512				2,1512		2,1512	
2	№2.13	" Амангелды " жер қоры	0,4795				0,4795		0,4795	
3	№2.15	"Дулат" жер қоры	0,0884				0,0884		0,0884	
Барлығы:			2,7191				2,7191		2,7191	
<b>II</b>										
1	№2.19	" Амангелды " жер қоры	0,1549				0,1549		0,1549	
2	№2.19	" Мойынқұм " жер қоры	0,8231				0,8231		0,8231	
3	№2.19	"Аша" жер қоры	0,4731	0,1915	0,1915		0,2816		0,4731	
Барлығы:			1,4511	0,1915	0,1915		1,2596		1,4511	
<b>III</b>										
1	№3.3	"Қойайдар " жер қоры	1,7036	1,2810			0,2284		1,5094	0,1942
2	№3.3	"Дулат" жер қоры	2,6325				1,8900		1,8900	0,7425
Барлығы:			4,3361	1,2810			2,1184		3,3994	0,9367
IV	№3.4	"Қойайдар " жер қоры	0,0952							0,0952
1	Барлығы:		0,0952							0,0952
Жалпы көлемі:			8,6015	1,4725	0,1915		6,0971		7,5696	1,0319

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК